апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№ 43/428
30 октября 2015 года

*8-қараша – статистика күні*

## СТАТИСТИКА – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

БҰҰ Бас ассамблеясының 2010-жылдың 3-маусымында өткен 64-інші сессиясында 2010-жылдың 20-қазанында Бүкілдүниежүзілік статистика күнін атап өту туралы Қарар қабылданды. Бұл датаны белгілеу туралы ұсынысты БҰҰ-ның Статистика бөлімі жасады және ол 75 ел мен халықаралық ұйымдардың тарапынан қолдау тапты. Ал, Қазақстанда Статистика күні «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР Заңына 2011-жылғы қазан айынан соңында енгізілген өзгертулерге сәйкес, 8-қараша күні атап өтіледі. Аталмыш кәсіби мереке қарсаңында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі статитика



бойынша Комитеті Қарағанды облысы статистика Департаменті **Приозерск қаласы статистика Басқармасының басшысы Гүлнара Маратқызы Есілбаеваға** жолығып, әңгімелескен едік. Осы сұхбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

**Тілші:** ***Кәсіби мерекелеріңіз қарсаңында жалпы статистика туралы ұғымға түсінік беріп, оның атқаратын қызметі жайлы айта отырсаңыз.***

**Г.Есілбаева:** Ресми статистика барлық елдердің қоғамы және үкіметі үшін өсуші роль атқарады. Қазіргі кезде жоғары сапалы статистикалық деректер ұлттық, өңірлік және әлемдік деңгейде қолжетімді. Олар ашық пікір-сайыстарда, саяси шешімдерді және бизнес-шешімдерді қабылдағанда қолданылады. Ресми статистиканы жинау және таратумен айналысатын ұлттық статистикалық қызметтер, аса маңызды ұлттық институтқа айналды. Сапалы статистикалық деректерді қалыптастыру халық санағын, халық немесе үй шаруашылықтарын зерттеулерді, әкімшілік деректерді біріктіру, ішкі жалпы өнімді есептеу және бағалау, баға немесе мыңжылдықты дамыту мақсаттарын бағалау мен тағы басқа статистикасын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Жалпы біздің елімізде статистика қызметі Ресей империясы кезінен өмірімізге енген. Осы датамен есептегенде биыл еліміздегі статистиканың бастау алғанына 95 жыл толып отыр десек дұрыс болатын шығар. Бүгінгі таңда 80-ге жуық мемлекет өз елдеріне статистика күнін мерекелейді. Қазақстанда бұл күн қараша айының 8-жұлдызында аталып өтеді.

**Тілші:** ***Енді әңгіме бағытын қаламыздағы статистика қызметіне бұрсақ. Өзіңіз басқарып отырған Басқармадағы жұмыс жайына тоқталсаңыз.***

**Г.Есілбаева:** Қаладағы Басқарманың қай күні құрылғанын дәл кесіп айта алмаймын, шамамен ол қызметін 1996-жылдан бастаған болуы керек. Бүгінде мекемемізде барлығы болып 3 кісі қызмет етеміз. Қарауымда бас маман Әлия Әлібайқызы Сәдуахасова және бағдарламашы Әлия Аманжолқызы Бимолдиналар бар. Әрине, ауқымды жұмысты үш адамға атқару қиын екендігін түсінерсіз. Қалада 13 мыңнан астам адам халық тұрады. Көптеген мекемелер, жеке кәсіпкерліктерді қосқанда соның бәрі туралы мәліметтер мен деректерді жинап, жоғарыдағы статистикалық орындарға жеткізіп отыру біздің міндетімізге кіреді. Әсіресе тұрғындар мен жеке кәсіпкерлерден дерек алу барысында қиналамыз. Кейбіреулері біз қызметтің маңыздылығын түсінбей, өзінді «неліктен, не үшін?..» деп, сұрақтың астына алып жатады. Жекелеген пәтерлерге кіру де бір мұң. Халық санағы кезінде нағыз қызу науқан басталады. Ол кезде ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірге және қаладағы өзге де мекеме қызметкерлерімен, қоғамдық жұмыс жасаушылармен бірге дерек жинауға шығамыз. Осы орайда, ІІБ қызметкерлеріне біздің жағдайымызды түсініп, қол үшін беретіндеріне алғысымды айта кеткім келеді. Елімізде соңғы халық санағы 2009-жылы өтті, ендігі санақ 2020-жылы өтеді деген мәлімет бар.

**Тілші:** ***Сіздің мекемеге мамандар қалай тартылады және оларға қойылатын талап қандай?***

**Г.Есілбаева:** Бірінші кезекте олардың білім дәрежесі мен сауаттылығына баса назар аударылады. Бізге қызметке келетін маман ең әуелі облыста тестілеу сынағынан өтеді. Бұрын 5 заңды білуі керек болса, қазір ол 8-ге жетті. Талап қатал, соның бәрін терең білуге тиіссің және біліктілігіңді арнайы комиссия алдында дәлелдеп, қорғап шығуға міндеттісің. Мөлшерлі дәрежеге 1 сұрақ жетпей қалса, сынақтан өтпеген болып саналады. Мамандардың атқаратын жұмысы көп, жалақысы мардымсыз болғандықтан, мұнда келуге талпынатындардың қарасы көп деп айта алмаймын. Алдағы кіретін жылда мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы артады деген үміткe сүйенеді отырмыз. Дегенмен, келем деушілер де жоқ емес. Қазіргі таңда сынақ талаптары да біраз жеңілдетілуде. Бұл да мамандарды қызметке тартуға ықпал етеді деп ойлаймын.

**Тілші:** ***Ягни, жалпы қоғамдағы қайнаған тіршіліктің мәліметі мен дерегі Сіздердің қолдан өтеді десек болады екен ғой?***

**Г.Есілбаева:** Расында да солай! Бізде айлық, тоқсандық және жылдық деректер жиналып, жоғарыға жіберіп отырамыз. Оның да өзіндік талаптары мен үлгілері бар. Жылдық дерек беру кезінде барлық жиналған деректер салыстырылып, қортынды жасалады. Турасын айтқанда, статистика мекемесі – қоғамның айнасы іспетті. Мұнда көзбен көріп, қолмен ұсталынған, нақты, айқын деректер алынып отырады. Соған қарап еліміздегі өсім деңгейі айқындалады. Елде болып жатқан кез-келген жаңалық пен өзгерістер, қосылу мен алынулар да статистиканың назарынан тыс қалмайды. Біздің қызметіміз бен берген дерегімізге дүние жүзі сүйенеді десек те, артық айтқандық емес. Осынау ғаламдық үдеріс жүрісіне біз де халқадерімізше өзіміздің үлесімізді қосып отырмыз деп айта аламын.

**Тілші:** ***Сіздерді және әріптестеріңізді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Маңызды қызметтеріңізде табыс пен жетістік тілейміз!***

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*
*Суретте: Г.Есілбаева қызметінде*
*Суретті түсірген автор*

*События в стране*

## ОФИЦИАЛЬНЫЙ ВИЗИТ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА ЯПОНИИ С.АБЭ В КАЗАХСТАН

В ходе переговоров в рамках официального визита Премьер-министра Японии С.Абэ, глава Казахстана Н.А. Назарбаев выразил уверенность, что первый визит С.Абэ в Астану даст мощный импульс переходу отношений Казахстана и Японии на качественно новый уровень. Нурсултан Назарбаев также отметил, что С.Абэ, как председатель Либерально-демократической партии, предложил амбициозную программу развития своей страны.



Мы желаем Вам обеспечить ее успешную реализацию. Казахстан и Япония – дальние соседи, но очень близкие друзья. Всестороннее развитие отношений с Вашей страной является одним из важнейших приоритетов внешней политики с первых дней независимости Казахстана. Все годы Астана и Токио остаются надежными партнерами. Мы всегда поддерживаем друг друга, являемся союзниками в деле ядерного разоружения и нераспространения, а также мирного использования атомной энергетики, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства также остановился на показателях развития торгово-экономического и инвестиционного взаимодействия двух стран.

За 2013-2014 годы объем товарооборота между странами составил около 2 млрд долларов... За 10 лет объем японских инвестиций в Казахстан составил около 5 млрд долларов. Кроме того, по линии официальной помощи Япония предоставила Казахстану 1,2 млрд долларов. Активно работает в нашей стране ряд крупных компаний. На сегодня зарегистрировано 50 совместных предприятий, осуществлено 6 совместных проектов на сумму более 700 млн долларов. На стадии активного продвижения - еще 10 проектов на ту же сумму. Знаковым событием стало открытие в Костанае завода по сборке автомобилей «Тойота». Уверен, что вступление в силу с 25 октября двустороннего Соглашения о взаимной защите и поощрении инвестиций заметно укрепит правовую базу нашего сотрудничества, - заключил Нурсултан Назарбаев.

**источник: http://www.akorda.kz**

*На повестке дня работа со СМИ*

## РАСШИРЕННОЕ ЗАСЕДЕНИЕ ОБЛАСТНОГО ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА ПО РАБОТЕ СО СМИ

**29 октября в акимате Карагандинской области состоялось видео-селекторное расширенное заседание областного общественного Совета по работе со средствами массовой информации, в котором участвовали и представители города Приозёрск во главе с заместителем акима города Казиевой Б.А., сотрудники отдела внутренней политики, культуры и развития языков и газеты «Приозёрский вестник».**



Открывая заседание заместитель акима Карагандинской области Абишев Ж.А. сказал, что работа со средствами массовой информации одна из важных направлений деятельности любого государственного органа.

"О том, что делает исполнительная власть, как выполняются нами поручения Главы государства и Правительства страны, чему мы уделяем особое внимание, жители области узнают через телевидение, газеты и информационные агентства. В свою очередь, какую оценку люди дают нашей работе, на что нам нужно обратить внимание, мы тоже узнаем, зачастую, через СМИ. На заседании разговор шел о том, как организовать более качественное освещение проводимой государственно-информационной политики, об улучшении подачи материалов, рассказывающих о ходе реализации государственных программ, о том каким образом надо строить взаимоотношение между государственными органами и СМИ, по освещению деятельности местных исполнительных органов.

-"Мы расчитываем на открытый диалог, чтобы выработать всеобщие меры и подходы для взаимопонимания", - сказал Абишев Ж.А.

В работе заседания принимали участие члены общественного Совета по работе со СМИ, заместители акимов городов и районов, пресс-секратари акимов городов и районов, работники отделов внутренней политики и представители региональных СМИ.

С докладом о взаимодействиях государственных органов со средствами массовой информации выступил руководитель Управления внутренней политики Карагандинской области Рыстин Н.Б. В частности он остановился о введенных отдельных штатных должностей пресс-секретарей во всех акиматах области и других госорганах для налаживания тесной работы со СМИ.

В обсуждении вопроса работы со СМИ приняли участие представители областных газет и телевидения, сотрудники прокуратуры области. Все выступавшие говорили о важности установления контакта между госорганами и СМИ. Обращали внимание, на то, что иногда трудно получить необходимую информацию в госорганах, по получению пресс-релизов. Кроме того, в ходе заседания был затронут вопрос финансирования госорганов для публикаций материалов в СМИ. Учитывая разногласия в обсуждаемом вопросе и отсутствия четкого анализа взаимодействия между государственными органами и СМИ, заместитель акима области Абишев Ж.А. дал ряд поручений Управлению внутренней политики области по активизации работы со СМИ, назначению ответственных лиц за работу со СМИ. По решению общественного совета очередное заседание по вопросу работы со средствами массовой информации назначено на 29 ноября т.г.

**Б. Кенжебеков,**
*главный редактор газеты*

*СЦК информирует*

# О РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ ФИИР

**29.10.15 г. г. Астана.**

**В СЦК при Президенте РК состоялась пресс-конференция с участием Председателя Правления АО «Казахстанский институт развития индустрии» Кульсеитова Айдына Жени-совича: "Повышение производительности труда, как основной аспект реализации второй пятилетки индустриализации".**

Ключевыми пунктами исполнения в реализации Программы стали: создание соответствующего правового поля, строительство базовой и индустриальной инфраструктуры, внедрение новых инструментов стимулирования производителей, массовый запуск новых индустриальных проектов, появление основы для дальнейшего качественного развития промышленности с ориентированием на повышение производительности труда.

Благодаря мерам господдержки бизнеса реальный прирост ВВП составил 35,6% (при плане 38,4%), опережающими темпами начала расти обрабатывающая промышленность (ИФО производства в обрабатывающем секторе составил 22,8%, а в горнодобывающем секторе – 20,4%).

В 2015 году Казахстан приступил к реализации 2-ой индустриальной пятилетки, однако, учитывая сильное негативное влияние внешних экономических и геополитических факторов было принято решение об актуализации Госпрограммы с учетом новых условий и технологических трендов.

Как подчеркнул Глава государства на Совещании по дальнейшим мерам экономической политики – «…***Нужен переход к сервисно-индустриальной модели, основанной на росте производительности труда, увеличении участия частного бизнеса. Государство должно предоставлять меры поддержки только для конкурентоспособных компаний***».

Госпрограмма будет по-прежнему ориентирована на стимулирование обрабатывающего сектора. Главным целевым индикатором поддержки отраслей и предприятий станет объем экспортно-ориентированного бизнеса.. Основные усилия направляются на общесистемные меры поддержки (создание условий), предполагается постепенный полный отказ от мер, имеющих искажающее воздействие на конкуренцию (субсидирование, прямое финансирование, понижающие тарифы и т.п.) с переходом на стимулирование производительности труда, снижение издержек и развитие человеческого капитала.

# ПРАВИТЕЛЬСТВО КАЗАХСТАНА ПРИНЯЛО БЫСТРЫЕ МЕРЫ НА ОПЕРЕЖЕНИЕ КРИЗИСА

**«Набор политики, введенной Правительством Казахстана для того, чтобы скорректироваться к новой действительности – это самые основные вещи фискальной корректировки, которые были приняты Казахстаном - сделаны были очень быстро. Мы видим, как Правительство Казахстана старалось работать очень быстро, исходя из новой ситуации с ценами на нефть», - заявил на площадке Службы центральных коммуникаций Сародж Кумар Джа, региональный директор Всемирного банка по Центральной Азии.**

По словам выступающего, «осознание того, что новая действительность есть в Казахстане, и то, что должна быть очень комплексная корректировка денежно-кредитной политики – это то, что казахстанское Правительство очень хорошо осознало и начало работать целым рядом различных институтов и эта работа сейчас продолжается».

Также спикер отметил качество денежно-кредитных корректировок: «в процессе реализации новой денежно-кредитной политики мы видим, что социальные секторы в Казахстане полностью защищены. Люди, которые говорят о том, что будет значительное падение уровня доходов, люди, которые говорят, что будут терять работу - будут защищены».

«Я считаю, что это очень правильная политика корректировки, правильная практика, которой можно делиться с другими», - резюмировал региональный директор Всемирного банка по Центральной Азии.

**Пресс-служба СЦК**
**при Президенте РК**

*Қазақ хандығына 550 жыл*

# ЕР ЖӘНІБЕК

Қазақ халқы өткен дәуірлерде батырдан кенде болмаған. Бұның бір себебі айналадағы анталаған жаумен үнемі арпалыста болудан да шығар. Дегенмен, тумысынан сайын далада көшіп жүріп тірлік еткен, бесіктен белі шығысымен ат беліне қонатын, буыны бекіп, қабырғасы қатысымен бес қаруды меңгеруге ұмтылатын, ары таза, намысы от, кісіге белін бастыруды өлім санайтын, туәкелшіл жұрттан батырлар шықпауы мүмкін де емес еді. Қазақ қашаннан да баласын батырлықпен қатар адалдыққа, сертшілдікке, сөз жүйесін тауып айтар шешендікке баулуды басты парызы санаған. Балаларының атын заманынан асып туған атышулы адамдардың атымен атауды әдетке айналдырған. Бұл орайда көбінесе жаңылыспаған да. Сондақтан да болар, қазақта аттас батырлар көптеп саналады. Осындай батырлардың бірі, былтыр 300 жылдығы тойланған Жәнібек Бердәулетұлы. Орта жүздің абақ керейінен шыққан бұл Жәнібек батыр, шешен, әділ кісі болған екен.

Тарихтағы өшпес белгі жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарға белсене қатысқан. Жәнібек батыр 1760-жылы абақ керейлерді Алтай тауының қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарасты байырғы мекеніне апарып орналастырған. Есімі абақ керейдің ұранына айналған. Жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа аттанарда нағашы атасы Қаз дауысты Қазыбек биден бата алады. Бір шайқаста мінген тұлпары болдырып қалған Абылай ханға астындағы көк дөненін түсіп беріп, Абылайды құтқарып қалады, өзі жекпе-жекке шыққан екі қалмақ батырын жеңіп, жаудың бетін қайтарады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, т.б. батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстың аяғына дейін қатынасады. 1731-жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей империясының бодандығын қабылдаған кезде Ер Жәнібек керей тайпасын бастап, Сыр бойынан үдере көшіп, Қалба тауына келіп қоныстанады. Осы арадан Алтайдың Ақтау төңірегіндегі бір асуынан жол салып асып барып, өр Алтайды шолып қайтады. Бұл асу кейін “Жәнібек асуы” деп аталып кеткен. Сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, жауға шапқан батырлығымен бүкіл абақ керейдің ұранына айналған "Ер Жәнібек" сексеннің үстіне шығып қайтыс болады. Жәнібектің әкесі Бердәулет ерте қайтыс болып кеткендіктен, нағашысы қазақтың атақты үш биінің бірі – Қаз дауысты Қазыбек бидің тәрбиесінде болды. «Кісі болар жігітті кісесінен, кісі болмас жігітті мүшесінен таниды» -дегендей, Қазыбек би жиенінің көзінде оты, көкірегінде сәулесі барын көріп, оны кішкентай күнінен бастап ел басқару жұмысына тәрбиелейді.

Он сегізге жасы жетіп, күш-қайраты толған кезінде Жәнібек жауға аттанып бара жатқан жасанды қолды көріп, Қазыбектен жорыққа аттануға бата сұрайды. Қазыбек: «Қарағым, өзгеге берген батамды өзіңнен неге аяйын. Ер азамат қылып өсіріп, ел-жұртыңа қосайын деп едім. Жасыңа жетпей, жау тілеме»- дейді. Бұған риза болмаған Жәнібек: «Он сегізге келгенше, жігіт болып жетіле алмады дегеніңіз бе? Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалдырғанда, от басын айналдырған көбелектей көргеніңіз бе?» -деп наразылық білдіреді. Сонда Қазыбек: «Қой, рұқсат бермесем, құса болып өліп кетер, не қолға рұқсатсыз еріп кетер» -деп ойлап, «Қол басқарсаң, жолың киелі болсын! Ел басқарсаң, сөзің жүйелі болсын!» -деп батасын береді. Ұлы атасының ықыласымен берген батасы қабыл болып, Жәнібек жолы киелі қолбасшы, сөзі жүйелі ел басшысы атанады. Жәнібек батырдың өмір жолын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: Оның бірі – батырдың жоңғар басқыншыларына қарсы күресіп, сан шайқасты бастан кешірген батырлық, қолбасылық өмірі. Екіншісі – жаудан азат етілген жерге елін бастап барып, орналастыруы, ел бірлігінің бұзылмауы жолында тер төккен басшылық өмірі. Ол халықтың жадында қол бастаған аруақты батыр, ел басқаруда әділ басшы болып қалды. Өзі иелік еткен Абақ Керей елі оның атын ұранға айналдырды. Ол Жоңғар басқыншылығына қарсы шайқаста аты шыққан, Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай батыр бастаған сияқты қазақ қолының алғы шебінде жүрген айбынды батырлардың бірі. Халық оны сол заманның аты шыққан әйгілі батыры Шақшақ Жәнібекпен шатастырмас үшін «Керей Жәнібек» деп атап кеткен.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*В помощь журналистам*

# В ОБЛАСТНОМ ЦЕНТРЕ ПРОШЕЛ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ДЛЯ РАБОТНИКОВ СМИ



**27 октября в областном центре, городе Караганды, по инициативе Управления по делам религии Карагандинской области в соответствии с протокольным поручением антитеррористической комиссии Карагандинской области состоялся обучающий семинар-тренинг для членов областного пула на тему “Актуальные проблемы религиоведения в рамках освещения государственно-информационной политики в сфере свободы вероисповедания”. В работе данного семинара принял участие и главный редактор газеты «Приозёрский вестник» Кенжебеков Б.А., как член областного журналистского пула.**

Открывший семинар руководитель Управления по делам религии Карагандинской области Нуркенов Кайрат Каршигаевич ознакомил приглашенных с ходом исполнения Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 годы и освещения материалов по вопросам религиозной сферы в средствах массовой информации. В работе семинара приняли участие работники областного Департамента КНБ, Областной прокуратуры и ОО «Центр религиоведческо-психологическо-правовой консультации», учредители областного журнала «Дін және Заман», которые в свою очередь поделились с состоянием дел по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в нашей области.

Кроме того, журналистам были даны Методические рекомендации по организации информационной работы по освещению вопросов религиозной сферы в средствах массовой информации на региональном уровне. В ходе члены журналистского пула получили ответы на интересующиеся их вопросы, касающихся освещения в СМИ общественно-резонансных происшествий, по даче достоверной информации о них.

**Б. Алшынбекулы**

# ДАЙДЖЕСТ ИНТЕРНЕТ-ПУБЛИКАЦИЙ

### Регион Европы и Центральной Азии: умеренное восстановление темпов экономического роста на западе и резкое замедление на востоке

**Астана, 26 октября 2015 года** – В условиях неопределённости перспектив мировой экономики темпы роста ВВП в странах региона Европы и Центральной Азии (ЕЦА) прогнозируются на уровне 1,4 процента в 2015 году и 1,8 процентов - в 2016 году. При этом динамика в разных странах существенно различается: в западной части региона в 2016 году, скорее всего, будет продолжаться неустойчивое восстанов-ление, в то время как страны на востоке ждёт значительное сокращение ВВП.

«Полного восстановления после глобального финансового кризиса 2008 года в регионе Европы и Центральной Азии всё ещё не произошло, ряд стран региона испытывают немалые трудности», заявил **Сирил Муллер, вице-президент Всемирного банка по региону Европы и Центральной Азии,** в ходе мероприятия, приуроченного к выходу доклада с экономическим прогнозом по региону ЕЦА под названием **«Низкие цены на сырьё и слабые валюты»**, которое состоялось в Астане, Казахстан.

### В рамках господдержки обрабатывающей промышленности по линии БРК профинансирован 61 проект

*Рамках долгосрочного финансирования обрабатывающей промышленности за счет средств первого и второго траншей Национального фонда (всего – 100 млрд тенге), выделенных по линии АО «Банк развития Казахстана» (дочерняя организация АО «Национальный управляющий холдинг «Байтерек», далее Банк, БРК), начато финансирование 61 проекта на общую сумму 55,8 млрд тенге. По Программе поддержки отечественных производителей и экспортеров согласовано 3991 заявок на автокредитование на сумму более 12 млрд тенге, одобрено 8 лизинговых сделок на сумму свыше 618 млн тенге на получение лизингового финансирования, одобрено 7 заявок на финансирование экспортных операций в размере 34,2 млрд тенге. В рамках реализации ГППИР-2 фактически освоено 43,1 млрд тенге.*

По состоянию на 23 октября т. г. по первому траншу средств Нацфонда (50 млрд тенге), коммерческими банками, с которыми БРК ранее заключил соответствующие кредитные соглашения, одобрено 27 проектов в обрабатывающей промышленности на сумму 31 млрд 969 млн тенге, начато финансирование 24 проектов на сумму 23 млрд 122 млн тенге.

По второму траншу средств Нацфонда (50 млрд тенге) банками второго уровня одобрено 44 проекта на сумму 41 млрд 526 млн тенге, начато финансирование 37 проектов на сумму 32 млрд 712 млн тенге.

Речь идет о кредитовании субъектов крупного предпринимательства – лимит финансирования на одного заемщика составляет от 200 млн до 5 млрд тенге.

### В Казахстане начаты геологоразведочные работы с крупными иностранными инвесторами

Министерством по инвестициям и развитию РК начаты геологоразведочные работы с крупными иностранными инвесторами, такими как австралийско-британский концерн «Rio Tinto», южнокорейская национальная компания «Korea Resources Corporation», австралийская компания «Iluka Resources Limited», частный фонд немецких инвестиций «Ulmus Fund». В настоящее время полным ходом идут работы по приграничным территориям со странами СНГ в рамках Межправительственного совета по разведке, использованию и охране недр. Вместе с тем, осуществляется деятельность по совместному международному проекту «Геологические структуры и металлогения Северной – Центральной - Восточной Азии и прилегающих территорий» с участием 5 стран *(Россия, Китай, Монголия, Республика Корея и Казахстан)*. Полным ходом идут работы по увязке геологических карт приграничных территорий Казахстана и Китая с составлением совместных геологических, тектонических и минерагенических карт.

В январе 2015 года вступили в силу изменения в Закон «О недрах и недропользовании». Принятые поправки направлены на снятие барьеров в работе недропользователей, совершенствование отраслевой правовой базы, улучшение инвестиционного климата и привлечение прямых иностранных инвестиций в отрасль.

В рамках реализации **Плана нации – 100 конкретных шагов** по реализации **5 институциональных реформ** проводится работа по исполнению **74 шага –** переход на международную систему отчетности по запасам полезных ископаемых.

Кроме того, **с 30-го ноября по 3-е декабря** текущего года в рамках ежегодного заседания Комитета CRIRSCO в Бразилии будет рассмотрен вопрос **о вхождении Казахстана в семейство CRIRSCO.**

Членство в этом органе будет означать международное признание разработанных в Казахстане стандартов публичной отчетности и повышение конкурентоспособности минерально-сырьевого сектора для международных и отечественных инвестиций.

**источник: Пресс-служба МИР РК**

*Иман айнасы*

# ДІН САУАТТЫЛЫҒЫ-МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Өз тарихында діни санасы болмаған халық жоқ. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әркилы болып келген. Дінді ғұрыппен шатастыруға болмайды. Сондықтан да діни сауаттылық әрбір адамға мәдени қажеттілік екенін білуіміз керек. Егемен ел атанған Қазақстан мемлекетінің азаматтары үшін бұл қажеттіліктің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Дін мен саясаттың арақатынасы экстремизм, лаңкестік әрекеттер өріс алған заманда, арнайы түсіндіруді қажет етуде. Діннің әлемдік деңгейдегі адамзатқа тән ойлау жүйесінен шет қалмайтындығын қазіргі заман болмысы айқын аңғартып отыр. Себебі, дінсіз қоғам болмайды. Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын ерекше құбылыстар. Өркениетті батыс елдерінде де, бізде де дін мемлекеттен ажыратылған. Бірақ, ол қоғамнан ажыратылмайды.

Бүгінгі күндері тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік қауымдастық деңгейінде де экстремизм мен лаңкестік мәселесі жұртшылық назарын алаңдатуда. Олар діни желеулерді пайдаланып, өздерін нағыз діншілдер ретінде көрсетуге тырысуда. Бұл тәсіл тек ислам дініне ғана емес, әлемнің басқа да дәстүрлі діндеріне де қатысты. «*Қандай да бір дін бүкіл адамдарға өз доктринасын қабылдауды мәжбүр еткенде, ол тиранияға айналады*»- деген екен үндінің қоғам қайраткері Рабиндранат Тагор. Дін тиранияға айналмауы тиіс. Дін адамның өте нәзік сезімдерінің бірі. Сезімге күдік ұялатып, адамды қалыпты жағдайынан шығарып, оның көңілкүйіне өте әсерлер жасауда экстремистер мен лаңкестер неше түрлі айла-тәсілдерді қолдануда. Діни сауаттылық осындай кезде керек-ақ. Әлеуметтік әділетсіздік мәселесі кеңінен өріс алған жағдайда көпшілік «діншілдер» деп аталатын экстремистердің лаңынан сақ болуы қажет. Оларға басты бөгет қоғам мен елдің бірлігінде, оның тұтастығында және азамат-тарының саяси санасының белсенділігінде.

**Кыдырбаева Г.М.,**
*№1 орта мектептің «Дінтану» пәнінің оқытушысы*

*Көркейген қала келбеті*

# ЖАҢА НЫСАНДАР – ШАҺАРДЫҢ СӘНІ

Осыдан жиырма жыл бұрын осы қалаға көшіп келген елдің қираған үйлер мен ғимараттардың сыртқы пошымынан шошынып, «қандай жерге келіп қалдық?..» деген сұраулы жүздеріне бүгінде қан жүгіріп, көңілдерін күпті еткен күдіктерінің ұмытыла бастағаны рас. Соңғы бесжылдықта Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен ұйқысырағандай хал кешкен қалаға жан бітіп, жыл санап гүлденуге бет алды. Алқам-салқамы шыққан қаншама тұрғын үйлер ағымдағы және күрделі жөндеуден өтіп, қаншама құрылыс нысандары сырт пішінін жақсы жағына қарай өзгертті. Қай қаланың болса да сәнін кіргізетін оның көше бойлап сап түзеген ғимараттары мен тұрғын үйлері ғой! Бұл жағынан алғанда да соңғы жылдары әжептәуір ілгері жылжу барын сырттан келген қонақтар да айтып, өзіміз де сезіп-байқап жүрміз. Ең бастысы, қаланың аралығындағы қираған үйлердің қоқысының тазартылуы да көңілді біраз сергітіп тастады.

Әбден тозығы жетіп, ой-шұқырға толған жолдар жөнделіп, өңіміз түгіл түсімізге де кірмеген бағдаршамдардың орнатылуы да мекеніміздің қалаға лайық әрін кіргізіп тұр. Көптеген



тұрғын үйлердің алдарына салынған спорт және ойын алаңшалары балғындардың көзқуанышына айналды. Қараңғы түсе самаладай жарқырайтын көше шамдары жайлы ойлап па едік?!. Айта берсек, шағын шаһарымыздың жыл санап өсіп-өркендеп келе жатуы көңілімізге қуаныш ұялатып, болашаққа деген сенімімізді арттыра түседі.

Арғы жылдарды айтпағанның өзінде, былтырдан бергі бой көтеріп жатқан және күрделі жөндеуден өтіп, халықтың игілігіне айналған, жуық арада толық тапсырылатын нысандар жайына көз жүгіртіп көрелікші. 55-100 пайыз көлемінде жөнделген немесе жаңадан салынған құрылыс нысандарын санамаласақ, былайша



өрбиді: Достық көшесі 3/1-үйден салынып жатқан Нұржанованың иелігіндегі шағын маркеттің құрылысы жарымынан ауған. Осы Достық көшесі 3/2-үйдегі Г.Ж.Жусіпова салып жатқан шағын маркеттің 90 пайызы бітіп тұр. Қалалық офицерлер үйі маңынан кәсіпкер М.Ж.Әбдімұталіпов құрылысын жүргізіп, іске қосылған алаңқай да тұрғындардың жиі келіп, серуендейтін, дем алатын жеріне айналмақ. Өзіміз «Аверс» дүкені атайтын Достық көшесіндегі 5-үйдегі сауда және кеңсеге бағытталған нысанның күрделі жөндеуінің 95 пайызын кәсіпкер М.Е.Нарымбетов жүзеге асырып, осы көшенің көз тоқтата қарайтын нысанына айналды. Күз айының басында құрылысы толық аяқталған 1941-1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналған ескерткіш-белгіні «Гран Құрылыс» мекемесі орнатты. Абай көшесі 17/3-үй жанынан салынған балаларға арналған ойын алаңы да «Гранд Құрылыстың» еншісінде.

Аталған нысандардың дерлік барлығы жеке кәсіпкерлердің күшімен салынған және жөндеу жүргізілген құрылыстар. Өз елі мен өздері жасап жатқан мекеннің гүлдене түсуі оларды бейжай қалдырмағаны, бұл нысандар болашақта қала тұрғындарына қызмет көрсетіп, өздеріне табыс әкелетіні, қаланың көріне көрік қосатыны қуантады.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

*Есте қалар ертеңгілік*

# АРАЙЛЫ АЛТЫН КҮЗ



2015 жылдың 27 қазанында «Балақай» бөбек-жайының II кіші «Күншуақ» пен «Қарлығаш» топтары арасында «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілік өтті. Ертеңгілікке көрермен ретінде бүлдіршіндеріміздің ата-аналары шақырылды. Ертең-гілікті өткізудегі мақсатымыз: Балалардың күз мезгіліндегі көкөніс, жемістер туралы білімдерін кеңейту. Тақпақ, өлең, ойын арқылы балалардың тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, қорғай, аялау, сезімдерін қалыптастыру.

Ертеңгілігімізді қыздардың «Күзгі жапырақтар» биімен бастадық. Ата-аналарымызға күз мерекесі сіздерге, астығы мол бақ береке, отбасыларыңызға қуаныш әкелсін, нанымыз көп, уайым –қайғымыз жоқ болсын! - деп тілектерді айта отырып мына өлең жолдарымен бастадық:

**Берекесін сыйлауға,**
**Өлкемізге күз келді.**
**Бау бақшаны жинауға ,**
**Шақырады біздерді.**

Ертеңгілік барысында кішкентай бүлдіршіндеріміз өз өнерлерін көрсетіп «Жемістермен, көкөністер» әнін айтты. Қонаққа келген қоянмен «Үйректер» биін билеп, қоянның азығы «Сәбізді жина» ойынын ойнады. Бүлдіршіндеріміз ұйықтап жатқан аюды ұйқысынан оятып, жаңбырдан қорқатын аюмен бірге «Жаңбыр мен күн» ойнын ойнаса «Күншуақ» тобының бүлдіршіндері күз туралы тақпақтарын аюға тарту етіп, ұлдары «Саңырауқұлақтар» биін биледі. Күзбен бірге келетін Күз ханшайымының күзде қандай өзгерістер мен нелер піседі деген сұрақтарына жауап беріп, «Қарлығаш» тобының бүлдіршіндері күз ханшайымына «Жемістер мен көкөністер» туралы тақпақтарын тарту етті. Күз ханшайымы бүлдіршіндермен «Сиқырлы орамал» ойынын ойнап ертеңгілікті аяқтады. Ертеңгілікке келген ата – аналар, қонақтар да өз ризашылықтарын білдірді.

**Тоқталған Біржан,**
**Зайнуллаева Асем Зейнадиновна,**
*«Балақай» бөбекжайы*
*«Күншуақ» пен «Қарлығаш» тобының тәрбиешілері*

# БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

## МЕНІҢ МЕЙІРІМДІ АПАЙЫМ

Менің мектебімде «Ұстаз – ұлы тұлға» деп жазып қойған. Менің апайым да сондай адам. Олардан біз тәлім, тәрбие аламыз. Менің апайым да жақсы апай. Ол – Эльмира апай ғой. Ол – мейірімді. Ол – әділ. Ол – ақылды, төзімді және сабырлы. Мен апайымды шаршатқым келмейді. Өйткені ол көп жұмыс істейді. Тыным таппайды. Апайым шаршап қалса, бізге кім сабақ өтеді? Мен апайым үшін өлең жаттап алдым. Ол былай:

Алғаш рет оятқансың санамды,
Алғаш рет ұстатқансың қаламды.
Сол үшін де мәңгі сыйлап өтемін,
Түсіндірген жақсы менен жаманды.

Мен апайымды үнемі мерекелермен құттықтағым келіп тұрады.

**Шабден Алихан,**
*4 «Ә» сынып оқушысы*

## СҮЙІКТІ ҰСТАЗЫМ

Алғашқы әріпті үйреткен ұстазым,
Жүрекке жақын бір сезімді сеземін.
Анамдай боласың сен,
Не дұрыс, не бұрыс екенін үйреттің.

Мейірімді ұстазсың,
Сағынамыз біз сізді.
Ұстазды мен сыйлаймын,
Қоштасуға қимаймын.

Мен бұл өлеңді сүйікті ұстазыма арнаймын.
Мерексімен құттықтаймын!

**Бейсетай Жансая,**
*4 «Ә» сынып оқушысы*

## ҰСТАЗ

Мен қазір Абай атамның ұстаз туралы сөзін білемін. Ол «Ұстаздық еткен жалықпас – үйретуден балаға» деген. Расында олар жалықпайтын жандар. Ұстаздың сөйлеген сөзі де жұмсақ. Сабақты әдемі түсіндіреді. Қамқорлығы менің мамам сияқты. Мен апайлардың бәрін жақсы көремін. Олардың сөзін тыңдаймын. Ренжігенін қаламаймын. Сосын сабақты жақсы оқуға тырысамын. Өлеңді де жаттаймын. Жарыстарға қатысамын. Жарыста озуға тырысамын. Мен озып келсем апайым да мақтанып қалады ғой. Апай бізге көп қызықты ойындар үйретеді. Қызықты ертегілерді айтады. Біздің апай өте көп біледі. Себебі апайдың білімі де көп. Бізбен сырласады. Апайдың бәрі сондай болса, жақсы оқитын балалар да көп болар еді. Шіркін, жақсы апайлар көп болса ғой!..

**Сейілхан Гүлім,**
*4 «Ә» сынып оқушысы*

## АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫМ

Менің алғашқы ұстазым Эльмира Жексенбайқызы. Мен апайдың алдында төрт жылдан бері оқып келемін. Эльмира апай бізге неше түрлі есептер, жаттығулар орындатады. Ол бізге бірбірімізге көмектесуді үйретті. Тату болсандар бәрін жеңесіңдер дейді апай. Шынымен де біздің сынып озат және алда. Мен апайымнан осының бәрін үйрендім. Ол кісі ақылды, білімді, мейірімді адам. Мен де сол кісідей болсам деп армандаймын. Біз тағы бір жылдан соң есейіп, апайдан кетеміз. Әттең, сол өкінішті. Біз апайды сағынатын боламыз ғой. Бізді әлі де оқыта берсе, оқыта берсе екен деп тілеймін. Бірақ олай бола ма, болмай ма, білмеймін? Ылғи апайым ауырмаса, шаршап қалмаса деп ойлаймын. Апайымыз аман жүрсінші!

**Айдархан Қарлыби,**
*4 «Ә» сынып оқушысы*

*Үнемдеген – ұтады*

# СЫНАПТЫ ШАМНАН АБАЙ БОЛ!

Бүгінгі таңда күнделікті тұрмысымызда пайдаланатын энергия көздерінен тиімді пайдалану және үнемдеу мәселесінің өзекті болып отырғаны белгілі. Бұл жағдай мемлекеттің де басты назарында. Түптеп келгенде, қуат көздерін үнемдеу – тұтынушының да қызығушылығын тудырып, өз қаражатын үнемдеуге көңіл бөлуін қадағалауды қажет етеді. Қазіргі экономикалық дағдарыс пен қымбатшылық белең алған заманда әрбір тиынды үнемдеп жұмсауды үйренуге тиіспіз. Осы орайда құрамында сынабы бар энергия үнемдегіш шамдарға деген тұтынушылардың сұранысы артқандығын байқауға болады. Осындай шамдардың үнемдегіш қасиетін соңғы кездерді өзіміз де аңғарып жүрміз. Жарық беру қуаттылығы жағынан бұрынғы шамдардан кем соқпайтын және ұзақ уақыт пайдалануға жарамды бұндай шамдардың бір кемшілігі – құрамында сынап болғандықтан, күйіп кеткен жағдайда сындырып алмауды және қоқыс жәшігіне тастай салмауды қажет етеді. Себебі оны сындырған жағдайда бөлініп шығатын сынап қоршаған ортаға да, адам ағзасына да залалды әсерін тигізеді. Осыған байланысты елімізде арнайы бағдарлама қабылданып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

2014 – 2020-жылдарға арналған тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасының аясында құрамында сынабы бар пайдаланылған энергия үнемдейтін шамдарды жинау және кәдеге жарату үшін ынталандыру шараларын жүзеге асыру барысында жергілікті бюджет есебінен қаламыз үшін сынапты энергия үнемдейтін шамдарды жинауға арналған 2 контейнер сатып алынды және қолайлы жерлерге орнатылды. Бұл жұмысты жүзеге асырған мердігер – Қарағанды қаласындағы «ПРОМОТХОД ҚАЗАҚСТАН» ЖШС. Орнатылған контейнерлер маркасы КС-2 деп аталады. Қала тұрғындары аталған контейнерлерден тиімді пайдалануға үйренуі тиіс, – дейді «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИБ» бас маманы Ерлан Бақбергенұлы Жаманбаев бізбен әңгімесінде.

Аталған контейнерлер Пушкин көшесіндегі «777» сауда орталығының жанында және «Қазақтелеком» ғимаратының алдында орнатылған. Газет бетінде жарияланған осы мақала арқылы пайдаланылатын сынапты энергия үнемдейтін шамдарды дұрыс пайдалануды және қауіпсіз өңдеуді қала тұрғындары назарларында ұстайды деп үміттенеміз. Өздеріңіздің және тұрғындардың денсаулығына, айналаға нұқсан келтірмеу жағын каперлеріңіз де ұстасаңыздар, бұл қоғам алдындағы парызыңыздың бір парасын өтегендеріңіз болып саналады.



**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ *** ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**"Приозерск қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Приозерского городского маслихата" 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно **с 17.00 по 18.00 часов,** кроме выходных

***

**"Приозерск қаласы әкім аппараты" ММ сенім телефоны 5-41-97**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Акима города Приозерск" 5-41-97**
**График приема граждан:**
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ сенім телефоны: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – Бейсенбі сағат 15.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринария города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Четверг с 15.00 до 18.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ "Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск" 5-28-57**
График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**

***

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

***

**"Приозерск қаласының білім беру бөлімі" ММ сенім телефоны 5-41-90**
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00 – ге дейін

**Телефон доверия ГУ "Отдел образования города Приозерск" 5-41-90**
График приема граждан начальником отдела: вторник: с 16.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі- Сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела- Среда с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі – Дүйсенбі – Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 53218.**
График приема граждан руководителем отдела - Понедельник – Пятница с 16.00 до 18.00 часов

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, пятница с 18.00 час.

***

**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерского городского управление по защите прав потребителей» 5-41-13**

***

**"Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі" ММ сенім телефоны 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ "Отдел экономики и финансов города Приозерск" 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 часов.

*Осторожно, инфекционная болезнь!*

# ГРИПП

Несмотря на большие усилия, направленные на борьбу с гриппом в нашей стране и за рубежом, эта инфекция по прежнему остается самой распространенной на земном шаре. Грипп является причиной высокой заболеваемости и смертности. Во время эпидемии болезнь может поражать 10-20 % всего населения и до 40-60 % пожилых людей.

Грипп передается вирусом, попадающими в воздух от больного при кашле, чихании или разговоре.

Основными признаками являются- озноб, повышение температуры до 38-40 С, головная боль, слабость, ломота вовсем теле, суставах, отсутствие аппетита, присоединяется заложенность в носу, слезотечение, охриплость голоса, кашель, герпес на губах.

**Грипп коварен тяжелыми осложнениями** как пневмония, бронхиты, вторичные бактериальные инфекции лор органов, осложнение со сторонынерной и сосудистой систем, а также вызывает обострение хронических заболеваний.

**Особенно часты осложнения и летальность вследствие гриппа в так называемых группа риска**, в которые входят лица старше 60 лет, больные хроническими заболеваниями внутренних органов и эндокринной системы, беременные женщины и дети с шестимесячного возраста.

Как было сказано один из важных противоэпидемических мероприятий является своевременное выявление больных, полноценное лечение, своевременная изоляция больного, противоэпидемические мероприятия в очаге .

Основной способ профилактики гриппа и предупреждение постгриппозных осложнений **является своевременная вакцинация противогриппа.**

В КГП «ЦБ г Приозерск» с октября месяца проводится вакцинация лиц группы риска: ослабленные, часто болеющие дети, дети от 6 месяцев до 1 года, с хроническими заболеваниями, 65 лет и старше, беременные женщины, медицинские работники.

**А.К.Кутжанова,**
врач эпидемиолог КГП «ЦБ г Приозерск»

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

**Во исполнение указания ДВД области и, в целях стабилизации оперативной обстановки в городе, активизации работы по профилактике правонарушений на обслуживаемых административных участках, установления тесных доверительных отношений с гражданами, в период с 20 октября по 20 декабря 2015 года на территории города Приозерск проводится республиканское оперативно-профилактическое мероприятие «Участок». В ходе ОПМ участковыми инспекторами полиции будут проведены поквартирные и подворные обходы, с обязательным занесением в журналы сведений о лицах, проживающих на административных участках города.**

**Телефон доверия ОВД г.Приозерск: 5-40-60.** **ОВД г.Приозерск**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ


### СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

**Аттестат о среднем образовании, выданный средней школой им.Агыбай батыра Актогайского р-на Карагандинской области на имя Абдраимовой Карлыгаш Бидаибековны, в связи с утерей.**

### НЕДВИЖИМОСТЬ

**Продам**

**Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59**

***

**3**-ком. квартира, 4 этаж, с ремонтом, по адресу: ул.Балхашская, д.2, кв.16. Цена договорная. Полная информация по телефону**: 8 701 443 60 09**

***

**Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11**

***

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:**8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40**
**Рассмотрим варианты!**

### УСЛУГИ

**Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 87026988613**

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**
**Ждем Вас по адресу:**
**ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы:** с 10.00 час. до 19.00час.Выходной - Понедельник
**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89; 8-778-854-18-33**

### К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

**ПОДОРОЖАЛ БЕНЗИН? Попробуйте катализатор MPG-BOOST™.**

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

**MPG-BOOST™** способствует:
-улучшению работы двигателя;
-снижению шумов;
-улучшению смазки клапанов;
-уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
-усовершенствованию увлажнения;
-снижению расхода топлива.

**По вопросам приобретения** обращаться по телефону: **+7 (702) 604-02-60**



**Собственник: ИП Бухарбаева А.А..**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 43/428*** Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041



*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*